

Сауле Түтебаева

Гүлдана Мұхтарбекқызы

SUPER-MEN

2-кітап

Әдептілік — әдемілік

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

Ж 86

Тютебаева Сауле, Гүлдана Мұхтарбек

Ж 86 Super-Мен. Әдептілік – әдемілік: Балаларға арналған әңгімелер./
Тютебаева Сауле, Г. Мұхтарбек. - Алматы: Астана-кітап, 2021.-40 б.

ISBN 978-601-7595-55-5

Баланың білуі керек қандай әдептілік қағидалары бар? Мансұр мен қарындасы Айдана оларды қалай үйренді? Әдепті әрі әдемі болудың жолдарын осы бөлімнен біле аласыздар.

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-55-5

© IZDEN publishing house, 2021

© Астана-кітап, 2021

Мазмұны

Демалыстан соң	6
Тізім жазайық	8
Ерте тұрған адамның... ..	9
Үйді не үшін тексереміз?	10
Шіріген алма	11
Уақытыңды бағала!	13
Теңге тиыннан... ..	15
Жарықты сөндірмесем не болады?	17
Күш – білімде	19
Микроб деген не?	20
Кірқожалаққа не болды?	22
Дайындық	24
Қош келдің, Айдана!	25
Сен келмейсің деп ойладымы... ..	27
Бөлісіп ойнаған қызық	30
Қашқын ермексаздар	31
Рұқсат сұрау	32
«Мен – ең мықты футболшымын»	33
Қауіпсіздік белбеуі	34
Футбол мектебі	35
Тапсырмалар	38

Құрметті ата-аналар!

Баланың тұлға болып қалыптасуы үшін не істеуіміз керек? Бұл сұрақ әрбір ата-ананы алаңдататыны рас. Ата-ана баласының бойындағы қабілеттерді анықтап, дамытуы оның қоғамда өз орнын табуына әсерін тигізеді. Балалық шақта бойына сіңген жақсылықтың дәні болашақта өз жемісін берері сөзсіз. Қолыңыздағы кітаптың да көздегені – ата-ана мен баланы осындай асыл мақсатқа біріктіру.

Бұл кітапта отандық педагог-психологтардың, дәрігерлердің бала тәрбиесі мен саламатты дамуына қатысты ақыл-кеңестері шағын әңгімелерде топтастырылды. Кітапты балалар да, ересектер де оқи алады. Балалар өзі сияқты кішкентай кейіпкерлердің қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмірінен сабақ алса, ата-аналар сарапшылардың ұсыныстарымен танысып, өз тәжірибесінде қолдануына болады. Ата-ана мен бала кітапты бірге оқып, талқыласа, пайдалы қорытынды шығарады.

Әдептілік-әдемілік



Демалыстан соң...

Мансұр ауылды қимай қоштасса да, қалаға оралған кезде үйін сағынғанын түсінді. Өз үйіне келіп, жуынып, тынығып алды. Бір кезде достары есіне түсіп, аулаға шықты. Екі досы Алдияр мен Денис аулада жүр екен.

Мансұр жандарына жүгіріп барып:

— Қалайсыңдар, Алдияр, Денис? Қалай демалып қайтыңдар? Алдияр, Дубайға барам деп қарайып кетіпсің ғой? — деп қалжыңдады.

Алдияр күліп:

— Иә, Дубай өте ыстық жер. Күнге күйіп, теңізде шомылып қайттым. Күнде ойын, тамақ ішіп, жағажайда ойнадық. Неше түрлі туристерді көрдік. Бірақ олардың не жайлы сөйлесіп жатқанын түсінбедім, — деді.

Мансұр:

— Ал сен Денис, мүлдем күнге шықпаған сияқтысың ғой? — деді. Денис:

— Иә, біз барған Лондонда бір күн ашық, бір күн жаңбыр болды. Күнге күйген қайда? Бірақ ағылшынша сөйлесіп үйрендік, әртүрлі мұражайларға бардық. Қызықты жерлердің көп болғаны сонша, кейінірек шаршап қалдық, — деді.

Денис:

— Мансұр, сенің демалысың қалай өтті?

— Ауылдағы демалыс «міне» болды, — деп бас бармағын көтерді.

— Ол жақта бәрі болды: көлге де шомылдым, жылқыға да міндім. Әжемнің тәтті тағамдарын жеп, қой да бағып, ауылдың көкпарын көрдім. Сендер көкпар тартқан батырларды көрсеңдер ғой, — деп мақтанды.

Осылайша, үш дос жаздың қызықтарын әңгімелеумен кеш батырды.

